



ХФТАР 16.34.41

Б. Асхатқызы*,
Ү.Т. ҚыдырбаеваӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: askhatkyzy.botagoz@gmail.com

XX ғасырдан бүгінге дейінгі қазақ және түрік тілдеріндегі тіл білімі сөздіктері: салыстырмалы талдау

Аңдатпа. Тілдің ішкі заңдылықтары мен ережелерін танытатын ғылым саласы – тіл білімі. Тіл білімі саласы бойынша жарық көрген сөздіктердің арқасында терминдердің белгілі бір жүйеде қалыптасып, қалыптаспағандығын аңғаруға болады. Мақалада қазақ және түрік тілдерінде XX ғасырдан бүгінге дейін жарық көрген тіл білімі сөздіктерінің сипаты талданады. Бір ғасырдың ішінде тілдің өзгеруіне түрлі факторлар әсер етеді. Мәселен, қазақ тіл білімінде тәуелсіздік жылдарына дейін терминдердің көбі орыс атауымен берілді. Ал түрік тіл білімінің қалыптасуына араб, парсы, сонымен қатар, батыс тілдерінің грамматикасы ерекше әсер етті. Мақала барысында сөздіктердің ішкі құрылымындағы өзіндік ерекшеліктері мен кемшіліктері сараланады және олардың саны анықталады. Сондай-ақ, әр сөздік бойынша тіл білімі терминіне мысал келтіріледі. Зерттеу барысында лингвистикалық әдістер: салыстырмалы-тарихи талдау және сипаттама әдісі қолданылды.

Түйін сөздер: тіл білімі, сөздік, қазақ тілі, түрік тілі, сипат, жүйе, ерекшелік, кемшілік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-134-1-109-121>
Түсті: 10.02.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 15.02.2021

Кіріспе

Тіл білімі – тіл және оның заңдары туралы ғылым, оның зерттеу нысаны, тарихы, мақсаттары мен міндеттері айқындалған. Тілдіңешқашан дамытуын тоқтатпайтындығы, үнемі өзгеріс үстінде болатындығы тіл білімінің ұдайы зерттеуді талап ететіндігін

көрсетеді. Тіл қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысуы, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы, әрбір тілдің өзіне тән дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Сөздік құрам, яғни лексиканың дамуы арқылы түрлі салаға қатысты сөздіктер жарық көрді. Мақаланың тақырыбы ретінде «XX ғ. бүгінге дейінгі қазақ

және түрік тілдеріндегі тіл білімі сөздіктерінің сипаты» таңдалды. Зерттеу барысында қазақ және түрік тілдерінде жарияланған тіл білімі сөздіктерін жүйеленіп, олардың құрылымдық ерекшеліктері анықталады. XX ғ. бастап бүгінге дейін тіл білімі сөздіктері туралы ғылыми зерттеу жұмысы, мақала саны некен-саяқ. Тақырыптың өзектілігі – бұрын-соңды жүйеленбеген сөздіктерді анықтау, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері жайында сөз қозғау, сөздіктерің санын нақтылай отырып қалыптасқан терминдерді көрсету.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері

Терминдердің заман ағымына сай өзгеріп, дамуының нәтижесінде олар белгілі бір тұрақты қалыпта қолданыла бастайды. Қолданыс аясының жылдан жылға кеңеюінің арқасында белгілі бір сала бойынша лексикография ісі қолға алына бастады. Демек, тіл білімі терминдерін бір ретке келтіру мақсатында тіл білімі сөздіктері шыға бастады. Қазақ және түрік тілдерінде тіл білімі сөздіктері XX ғасырдың ортасында ғана жарық көрді. Сондықтан лексикография әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін ғылым саласы. Ең бастысы, шығарылған сөздіктердің саны емес, сапасына назар аударуды қажет етеді. Мақалада тіл білімі сөздіктері жүйеленіп, олардың әрқайсысының артықшылығы мен кемшіліктері талданды. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ және түрік тілдерінде жарық көрген тіл білімі сөздіктерін сипаттау. Сонымен қатар, қазақ және түрік тіл білімінде қалыптасқан я да қалыптаспаған терминдердің санын көрсете отырып, болашақта құрастырылатын сөздіктерге бағыт беру. Осыған орай, мақала жазу барысында төмендегідей міндеттер туындады:

- XX ғасыр мен XXI ғасыр аралығында қазақ және түрік тілдерінде жарық көрген тіл білімі сөздіктерінің санын анықтау;
- Бір ғасырдың ішінде терминдердің қалыптасып не қалыптаспағанына талдау жасау;
- Сөздіктердің қазіргі таңдағы ішкі құрылымы мен сипатын саралау.

Қарастырылып отырған сұрақтың тарихы

Қазақ тіл білімінде жарық көрген тіл білімі сөздіктері ұлттық терминология кезеңінен бастау алады. Ұлттық терминологияның басты өкілдерінің бірі А. Байтұрсынұлы қалдырған терминжасамдық мұраның маңызы өте зор. Себебі бұл мұра бір әлеуметтік саланы ғана емес, сонымен қатар, тілтаным, әдебиеттаным, әдістеме, этнография, тарих, мәдениеттаным, философия, психология, дидактика және педагогиканы танытады. Сол терминдердің осы әлеуметтік салалардың әрқайсысына енетін ғылыми ағымдарын да, тармақтарын да қамтиды. Мысалы, тіл білімі терминдері тіл білімінің барлық саласында: фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика; үндестік фонология және сөзжасамда кеңінен қолданылады. А. Байтұрсынұлының ғылыми ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келген терминдер моностильдік те, полистильдік те қызмет атқарады, себебі олар ғылыми стильдің нақ ғылыми түрінде ғана емес, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық түрлерінде де, ресми стильде де қолданылады. Терминдер өздерінің негізгі терминдік қасиеттерін, яғни бір мағыналылығын, бейэмоциялықтығын толық сақтайды.

Кейіннен тіл білімі сөздіктерінің қалыптасуына XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы терминологиямен айналысқан ғалымдардың еңбектері әсер етті. Олар М. Балақаев, А. Абдрахманов, Ә. Қайдар, сондай-ақ, түрлі сала мамандары мен аудармашылар Ә. Сатыбалдиев, Т. Мұсақұлов, Қ. Әбішев, Қ. Рахимов, Е. Рамазанов. Бұл кезеңнің жалғасы ретінде тәуелсіз кезеңдегі терминология қалыптасты. Тәуелсіз кезеңнің көрнекті өкілдері: Ә. Қайдар, Ә. Айтбаев, А. Абдрахманов, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Ш. Біләл, С. Ақаев, Қ. Айдархан. Аталған ғалымдардың еңбектері нәтижесінде, қазақ тіл білімінде бекітілген лингвистика терминдері қалыптасты.

Түрік тілінің тіл білімі сөздіктері түрік республикасының алғашқы жылдарына

дейін түрік грамматикасы атауларында араб тіліндегі *sarf, nahiv, kavâid* терминдерін енгізген еңбектерден бастау алады: *Kavâid-i Türkiye* (Ахмед Джевдет Паша, Ыстамбұл, 1875), *Neu Usûl Sarf-ı Türkî* (Шемседдин Сами, Ыстамбұл, 1892), *Sarf ve Nahv Dersleri* (Ахмет Расим, 1925), *Grammer* (I. Нечми Дилмен, Ыстамбұл, 1928), *Genel Dil Bilgisi* (А. Сами Дилемре, Ыстамбұл, 1937), *Türk Dilbilgisi: Türkçenin Bugünkü ve Geçmişteki Gelişmeleri Üzerine Grammer Denemesi* (А. Джеват Эмре, Ыстамбұл, 1945), *Türk Dil Bilgisi* (Мухаррем Эргин, Ыстамбұл, 1958), *Osmanlıca Grameri (Eski yazı ve İmlâ; Arapça, Farsça, Eski Anadolu Türkçesi)* (Ф. Кадри, Тимурташ, Ыстамбұл 1964), *Dilbilim ve Türkçe Yazıları* (Доған Аксан, 2004).

Танзимат дәуірінде және республикалық кезеңге дейін түрік тілі білімінде жүргізілген грамматикалық зерттеулерде француз негізді сөздердің басым болғандығына қарамастан, бұл зерттеу жұмыстары *sarf* (сөз тудыру) және *nahif* (сөйлем құру) деген атпен жазылған. Түркия Республика болып жарияланғаннан кейін 1932 жылы 12 шілде күні Ататүріктің нұсқаулығымен Түрік тілі ұйымы (TDK) Түрік тілін зерттеу қоғамы құрылды. Түрік тілін зерттеу қоғамының мақсаты «Түрік тілінің өзіне тән әдемілігі мен байлығын ашу, оны әлем тілдері арасында өзінің құндылығына лайық биікке шығару» болды. 1934 жылы өткен конгресте «қоғам» атауы, Түрік тілін зерттеу ұйымы 1936 жылғы құрылтайда Түрік тілі ұйымы болып өзгертілді. Түрік тілі ұйымын ашу немесе құру идеясы екі негізгі қағида бойынша қалыптасты: 1. Түрік тілі бойынша зерттеулер жүргізу; 2. Түрік тілінің өзекті мәселелерімен айналыса отырып шешім табу. Түрік тілі ұйымы (TDK) дайындаған «Қысқаша түрік грамматикасы» еңбегінде «грамматика» термині өз атында қолданылған алғашқы еңбектердің бірі болып табылды.

Кейіннен тіл білімі жайлы зерттеулер Мухаррем Эргиннің еңбектерінде көрініс табады. Ол «*Türk Dil Bilgisi*» (Түрік тілінің грамматикасы) атты еңбегінің алғашқы сөзінде түрік тілінің грамматикасын былай сипаттайды: «Батыс түрік грамматикасы

осы кітапта келтірілгенімен, түрік тілі жаңа грамматикалық сызбада қарастырылды. Біз осы сызбада негізделген принциптерді келесі екі тармақтың айналасында топтастыра аламыз: түрік тілін көбінесе шығыс немесе батыс грамматикасы шеңберінде емес, өз табиғатына қарай икемдеу; түрік тілінің кең және шашыраңқы болып көрінетін грамматикалық түрлерін жүйелеу. Біз бір жағынан жалпы грамматика ұғымдарының шеңберінен шықпау үшін, екінші жағынан, артық күш қолданбау шартымен түрік тілінің өз емлесіне жақындау және түрік тілі құрылымының нақты жүйесіне келетін осы екі қағиданы ұстануға тырыстық, осылайша біз ұсынған сызба жасалды» [1, XXVII бет]. Ахмет Атеш, Нихат Четин, Гүнай Кут, Мертол Тулум, Кемал Ераслан және т.б. әлемдік деңгейде белгілі ғалымдардың арқасында тіл білімі терминдері қалыптасып, кейіннен осы ғалымдардың еңбектерінің негізінде сөздіктер жарыққа шықты.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында лингвистикалық әдістер қолданылды. Олардың ішінде, лингвистикалық мағыналардың біртіндеп кеңеюі мен тарылу жолдарын айқындауда компонентті талдау, салыстырмалы-тарихи талдау және сипаттама әдісі қолданылды. Талдау барысында лексикографиялық еңбектер негізге алынды. Қазақ тілі білімі бойынша 1956 жылы шығып, 1966 жылы толықтырылып, өңделген І. Кеңесбаев және Т. Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», А.С. Аманжоловтың «Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі» (1997 ж.), А. Салқынбайдың «Лингвистикалық түсіндірме сөздігі» (1998 ж.), 2005 жылы жарық көріп, кейін 2010 жылы қайтадан басылып шыққан Ғ. Қалиевтың «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі», екі тіл негізінде жарық көрген Р.А. Авакова, С.М. Арбатлы, А.Ж. Назарова, Г.К. Теменованың «Қазақша-түрікше, түрікше-қазақша лингвистикалық терминдердің анықтамалық

сөздігі» (2013) бойынша зерттеу жұмысы жүргізілді. Түрік тіл білімі бойынша: алғаш жарық көрген Türk Dil Kurumu «Dilbilim Terimleri Sözlüğü» (Түрік тілі ұйымының лингвистикалық терминдер сөздігі) (1949), Vecihe Hatipoğlu «Dilbilgisi Terimleri Sözlüğü» (Грамматикалық терминдер сөздігі) (1979), 1980 жылы шығып, 1988 жылы қайта басылған B.Vardar, N.Güz, E.Öztoğat, M.Rifat, O.Sonem oğlu, E.Sözer авторлығымен «Açıklamalı Dilbilim Terimleri Sözlüğü» (Лингвистикалық терминдердің түсіндірме сөздігі), Ahmet Topaloğlu «Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü» (Тіл білімі терминдерінің сөздігі) (1989), Nurettin Koç «Açıklamalı Dilbilgisi Terimleri Sözlüğü» (Лингвистикалық терминдердің түсіндірме сөздігі) (1992), E.Gürsoy «Türk Dünyası Gramer Terimler Kılavuzu» (Түркі әлемінің грамматикалық терминдер сөздігі) (1997 ж.), Mehmet Hengirmen «Dilbilgisi ve Dilbilim Terimleri Sözlüğü» (Грамматикалық және лингвистикалық терминдер сөздігі) (1999), Z. Korkmaz «Gramer Terimleri Sözlüğü» (Грамматикалық терминдер сөздігі) (2007), Günay Karaağaç Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü «Тіл білімі терминдерінің сөздігі» (2013), A.Kocaman, S.Özsoy, K.İmer «Dilbilim Sözlüğü» (Лингвистикалық сөздік) (2019 ж.) сөздіктері қолданылды

Нәтижелер

I. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» Қазақ ССР-нің Ғылым баспасында жарық көрген қазақ тіл білімі туралы ең алғашқы сөздік болып табылады. Бұл еңбекке 3000-ға жуық тіл білімінде қолданып жүрген терминдер енді. Сөздікте терминдердің этимологиясы көрсетіліп, кейбірі үнді-еуропа тілдеріндегі терминдермен салыстырылды. 1956 жылы алғаш басылып, кейін 1966 жылы екінші рет толықтырылған бұл еңбектің екінші басылымына көптеген жаңа термин мен тіркестер енгізіліп, олардың түсіндірмесі қысқаша берілген. 1917 жылғы Қазан төңкересінен кейін туған қазақ тіл білімінің терминдерін екі топқа бөлуге

болады: бірі – қазақ тілі негізінде жасалған терминдер (мысалы, зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, одағай, жалғау, жұрнақ, дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, септік т.б.), екіншісі – интернационалдық тұлғадағы сөздер (мысалы, грамматика, фонетика, морфология, синтаксис, аббревиатура, ассонанс, аллитерация, гипотаксис, т.б.). Тіл білімі терминдері үздіксіз өсіп, жаңа атаулармен толысып келеді [2, 5 б.]. Сөздіктің құрылысы түсіндіру тәсілінде беріліп жалпы тіл білімінің түрлі саласында қолданылып жүрген терминдер енгізілген. Сондай-ақ, жалпы терминологиялық принципті орыс тіліндегі терминдерді аударуда немесе оларға сәйкес балама беруде негізге ала отырып, терминдер орыс әліпбиінің тәртібімен берілген. Сөздіктің қазақша баламасын оңай табу үшін еңбектің соңында терминдердің қазақша-орысша аталу тізбесі көрсетілген. Қорыта келгенде, сөздік тәуелсіздік жылдарына дейін жарық көргендіктен 50%-дан астам терминдер орысша баламасымен берілген. Алайда, тәуелсіздік жылдарында жарық көрген сөздіктерге аталған еңбек өзінің үлкен үлесін қосты, себебі тіл білімінде қолданылып жүрген терминдерді авторлар жинақтап, терминдердің анықтамасын нақты көрсетті. Мысалы: **аналитический способ** – аналитикалық тәсіл. Сөйлемдегі сөздердің аналитикалық амалдар арқылы байланысуы; негізгі етістіктер мен есімдерге көмекші сөздердің қосылуы арқылы немесе синтаксистік формалар арқылы жаңа сөз жасалуы; Мысалы, аса бер, ала кет, ала сал, оқи түс, қара көк, сұр ала т.б. [2, 16 б.]. Қазіргі қазақ тіл білімінде де аналитикалық тәсіл дәл осы анықтаманың негізінде қолданылуда. Демек, терминдердің берілген анықтамасында қателіктер орын алмаған.

1966 жылдан кейін 31 жыл өткен соң, А.С. Аманжоловтың «Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі» сөздігі жарық көрді. Сөздікте 2 мыңға жуық лингвистикалық терминдер мен олардың орысша баламалары қамтылған. Ең алғаш жарық көрген сөздікте терминдер орысша –

қазақша берілген болса, бұл сөздікте қазақша – орысша баламасы берілген. І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың сөздігі этимологиялық негізде құрылған, ал А.С. Аманжоловтың сөздігі анықтамалық сөздік ретінде басылып шыққан. Сөздікте қазақша-орысша қостілділік негізінде көптеген терминологиялық дублет (толық синонимдер) көрсетіледі. Мысалы: архаизм – көнерген сөз, билингвизм – қостілділік, лингвистика – тіл ғылымы – тіл білімі, неологизм – жаңа сөз, аффикс – формант – қосымша, орфография – емле, субстантивация – субстантивтену – заттану т.б. [3]. Көрсетілген терминдердің көбісі қазіргі кезде қазақ тілдегі баламасымен қолданылуда. Демек, сөздікте ұсынылған терминологиялық дублеттер тіл білімінде қолданыс таба алды. Қорыта келгенде, аталған сөздік тәуелсіздік жылдарында жарық көргендіктен, көптеген термин қазақша баламасымен берілген.

1998 жылы А. Салқынбай, Е. Абақан авторлығымен «Лингвистикалық түсіндірме сөздігі» жарық көрді. Сөздікте 700-ге жуық термин берілген. Еңбек қазақ тіл білімінің метатілін қалыптастыруда рөл атқарады, әрі терминдердің түсініктемесін беру мен тіл дамуындағы жетекші теориялық қисындарды жинақтап беруде алғашқы тәжірибе беретін сөздік болып отыр. Сөздікте тек қазақ тілінде ғана жасалған терминдер емес, шет елдік тіл білімінде қолданыста бар терминдердің көбісі енді. Интернационалдық терминдер негізінен өзгертусіз берілді. Сонымен қатар, еңбекке дүние жүзіндегі көптеген тілдің тарихы, жазуы, ғылыми мектептері т.б. туралы ақпараттар енгізілді. Терминдер қазақ әліпбиінің ретімен берілген, орысша баламасы жоқ, таза қазақ тіліне аударылған. Сөздіктің ерекшелігі – терминдердің пайда болу тарихы туралы да мәлімет қоса беріледі. Мысалы: **дескриптивті лингвистика** (ағылш. descriptive – бейнелеу) – құрылымдық лингвистиканың, глоссематиканың және Прагалық лингвистикалық мектептің жалпы ағымына жататын, XX ғ. 30-50 жж. пайда болған американдық тіл білімінің бір бағыты. Еуропаның структуралық лингвистика мектептерімен салыстырғанда Д.Л.-ның

тарихи-әлеуметтік, философиялық, тіл даму жағдайын зерттеуге байланысты өзіндік ерекшеліктері бар: позитивизм, прагматизм және бихевиоризм теорияларын қолдау; абориген (индеец) халқының тілін зерттеу дәстүрі; АҚШ-та тұратын имигранттардың тілдік мәселелерін шешу және т.б. [4, 67 б.]. Осы уақытқа дейін жарық көрген сөздіктерден ерекшелігі бұрын-соңды берілмеген тілдердің тарихы мен терминдердің пайда болуы тарихы туралы мәлімет береді.

Ғ. Қалиевтің 2010 жылғы «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» 2005 жылы «Сөздік-Словарь» баспасы басып шығарған автор еңбегінің негізінде дайындалған еңбек болып табылады. Еңбекте жалпы тіл білімі бойынша, сонымен қатар, қазақ тіл білімінің түрлі саласы бойынша 1500 термин қамтылып, олардың әрқайсысына ғылым түсінік берілген. Аталған сөздіктің құрылымына байланысты мынадай жайттарға ерекше көңіл бөлгендігі туралы сөз қозғалады: 1) Қазақ тіл білімінде орныққан интернационалдық терминдер өзгертусіз беріледі, тек мағынасы жағынан нұқсан келмейтін кейбір терминдердің қазақша баламасы көрсетілді. Мысалы: уәж, уәждеме (мотив, мотивация). Қазақша нұсқасы келтірілгенімен, терминдердің интернационалдық атауы сілтеме арқылы көрсетілді. 2) Терминдердің алдыңғы сөздіктерге ұқсас ортақ анықтамалары берілгеннен соң, келесі ретте тек қазақ тіл біліміндегі жайы талданды. 3) Бірқатар термин Мемтерминком бекіткен ереже бойынша бір қалыпқа түсірілді. Мысалы: «транскрипция» терминінің орнына «дыбыс таңба» термині қолданылды. 4) Қазақша, орысша нұсқалары қатар қолданылып жүрген терминдердің атауы көбіне қазақша берілді, алайда әліппе тәртібі бойынша орыс тіліндегі атаулары көрсетіліп, қазақша атауына сілтеме жасалды. Мысалы: «полисемия» терминінің - «көп мағыналылық» деген қазақша атауына сілтеме көрсетілді. 5) Оқырмандарға түсінікті болу мақсатымен интернационалдық терминдердің шығу тегі, яғни этимологиясы көрсетілді: ономастика – (грек. onomastike есім беру өнері). 6) Сөздікте терминдердің саны

мөлшерден тыс асып кетпей, тым ұсақталып кетпесі үшін, мағыналық жағынан бөлінетін терминдердің түрлері де бірден көрсетіліп отырды. Мысалы, етістің анықтамасында оның түрлері де қоса қамтылды. 7) Оқырмандарға аз танылған терминдердің анықтамасы басқа терминдермен салыстырғанда толығырақ талданды. Демек, қазақ тіл білімінде болып жатқан ала-құлалықты жою – автордың негізгі мақсаты. Қазіргі таңда тіл білімі сөздіктерінің қалыптасқан атауы мен олардың ұғынықты түрде түсіндірілуін Ф. Қалиевтің сөздігінен таба аламыз. Сөздікте терминдер қазақ әліпбиінің тәртібі бойынша беріліп, сонымен қатар, қазақша атауының жанында орысша атауы көрсетілді. Мысалы: **жанама кірме сөздер** орыс. опосредственные заимствования – кірме сөздердің бір тілден екінші тілге үшінші тілдің көмегімен ауысуы. Мысалы, қазақ тіліне араб-парсы сөздері тәжік, өзбек, татар тілдері арқылы ауысқан [5, 159 б.].

Р.А. Авакова, С.М. Арбатлы, А.Ж. Назарова, Г.К. Теменованың 2013 жылы жарық көрген «Қазақша-түрікше, түрікше-қазақша лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігінде» 2 мыңға жуық қазақ, түрік тілдерінің оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде жиі қолданылатын термин қамтылды. Қазақ тілінің әліпбиі негізінде берілді, яғни лингвистикалық терминдердің қазақша-түрікше анықтамасы көрсетілді. Екі тіл арасында жарық көрген алғаш тіл білімі сөздіктерінің бірі. Мысалы, аббревиация – kısaltma, анықтауыш – sıfat, sıfat görevli sözcük, барыс септік – yönelme hali, бастауыш – özne, баяндауыш – yüklem, диалект – lehçe т.б. [6]. Екі тілді сөздіктер шығыстану факультетінде оқитын студенттерге таптырмас құрал болып табылады. Қостілді сөздіктердің көбеюі арқылы екі тіл арасындағы ғылыми мәселелер өз шешімін таба алады.

XX ғ. басынан бүгінге дейін қазақ тіл білімі бойынша алты терминологиялық сөздік жарыққа шықты. Оның ішінде екеуі – анықтамалық сөздік, қалған төртеуі – түсіндірме сөздік. Болашақта тіл біліміне арналған сөздіктердің саны артады деген

үміттеміз, себебі тіл білімі терминдері тікелей қазақ тілінің дамуына әсер етеді.

1949 жылы түрік тіл білімі бойынша алғаш жарық көрген сөздік – Türk Dil Kurumu «Dilbilim Terimleri Sözlüğü» (Түрік тілі мекемесінің лингвистикалық терминдер сөздігі). Түрік тілі мекемесінің 1948 жылы жарық көрген «Әдебиет және сөз өнері терминдері» сөздігінен кейін сол үлгіде жасалған сөздік. Еңбектегі терминдердің сексен пайыздан астамы түрік тілінде бұл кезеңге дейін кездеспеген жалпы лингвистикалық терминдерді қамтиды. Сонымен қатар, грамматикалық терминдер қайта қаралып жатқандықтан, көптеген терминнің анықтамалары мен мысалдары берілмеген. Сөздікте 1947 термин бар. Еңбектің көлемі – 251 бет, оның 219 беті сөздік болса, ал қалған бөлігі каталогтардан тұрады. Жұмыстың мақсаты – мағыналық ұқсастығын сақтай отырып, төңкеріс жолында соқтығысатын идеяларды бір-біріне мүмкіндігінше жақындастыру. Бұл сөздік Ж. Марузоның «Lexique de la Terminologie Linguistique» шығармасына негізделген эссе негізіндегі еңбек болып табылады. Мысалы, «сөз тіркесі» (tamlama) терминінің анықтамасы былай көрсетілген: зат есімдер мен сын есімдер тобы. (Зат есімдер тобы: екі зат есімнен тұратын бірі екіншісіне тәуелді синтаксистік форма. Мысалы: біздің досымыз, досының үйі, достың жады. Сын есімдер тобы: сын есім мен зат есімнен тұратын сын есімге тәуелді синтаксистік форма: үлкен үй, тас қуыршақ, келген бала, үш алма) [7, 213 б.]. Түрік тілінің тіл білімі терминдері туралы жарық көрген ең алғашқы сөздік болғандықтан, көптеген терминнің анықтамасы қазіргі күнгі беріліп жүрген анықтамалармен сәйкес келмейді. Батыс грамматикасы, оның ішінде, француз грамматикасына негізделіп жасалғандықтан, түрік тілінің өзіне тән ерекшеліктердің тыс қалатын жерлері де бар.

1979 жылы жарық көрген екінші сөздік – Vecihe Hatipoğlu-ның «Dilbilgisi Terimleri Sözlüğü» (Грамматикалық терминдер сөздігі). Бірнеше еңбекті талдай отырып жасалған сөздікте көптеген терминнің османлы, француз,

ағылшын, неміс тілдеріндегі баламалары көрсетілген және әр терминнің анықтамасын жасау арқылы мысалдар келтірілген. Түрік тілінің құрылымына сай талданғандықтан, белгісіз ұғымдарға жаңа атаулар табылды. Әр тармаққа қатысты терминдер туралы әртүрлі дереккөзде қолданылатын кейбір ережелер жинақталған (құрастырылған) атауымен берілген. Қолдану жиілігіне қарай кейбір терминдердің сілтемелері де көрсетілген. Сөздіктің каталог бөлімінде османлы-түрікше, француз-түрікше, ағылшын-түрікше, неміс-түрікше каталогтары көрсетіліп, 600-ге жуық терминдерді қамтиды. Жалпы 176 парақты құрайтын еңбектің 140 беті сөздіктен, қалған бөлігі каталогтардан тұрады. Еңбектің алғысөзінде «грамматика саласындағы кейбір негізгі ұғымдар тұрғысынан ел ауқымында тұрақтылыққа, келісімге, бірлікке қол жеткізу үлкен пайда әкеледі» деп жазылды. «**Мағынаның тарылуы**» (anlam daralması) термині сөздікте төмендегідей көрсетілген: (франц. restriction sémantique; ағыл. semantic restriction; нем. bedeutungsbeschränkung, bedeutungsverengung) Кең ұғымдары бар сөзді осы ұғымдардың ішіндегі тек бір мағынамен байланыстыра алуы: тауар (mal) (кең мағынада барлық тауар атауы, тар мағынада жануар, мал атауы), жеміс (yemiş) (кең мағынада барлық жеміс түрі, тар мағынада інжір), көкөніс (salatalık) (кең мағынада салаттар жасауға болатын кез келген көкөніс түрі, тар мағынада қияр) мысалдарында көруге болады [8, 5 б.]. Алдыңғы сөздікпен салыстырғандағы артықшылығы – терминдердің анықтамасы түрік тілінің грамматикасын ескере отырып жасалған, дегенмен, тіл білімінің көптеген термині сөздікке енгізілмеген.

1988 жылы Berke Vardar, N. Güz, E. Öztokat, M. Rıfat, O. Senemoğlu және E. Sözerдің бірлескен авторлығымен «Açıklamalı Dilbilim Terimleri Sözlüğü» (Лингвистикалық терминдердің түсіндірме сөздігі) жарық көрді. Түрік тілі мекемесінің аясында жүргізілген зерттеулерді қолдану арқылы дайындалған бұл еңбекте терминдердің неміс, француз және ағылшын тілдеріндегі баламалары келтірілген. Терминге

байланысты мәліметтер мейлінше толық берілген. Сөздік қорындағы теорияларымен немесе зерттеулерімен лингвистикада ерекше орын алатын 50 лингвистің қосқан үлесі мен еңбектері де мақалалар аясында талқыланды. Сөздікте 1274 термин бар. Барлығы 295 бетті құрайтын еңбектің 237 беті сөздіктен, ал екінші бөлімі каталогтардан тұрады. Сөздікте «**леп**» (ünlem) терминінің анықтамасы былайша көрсетіледі: (нем. interjektion, ausruf, empfindungswort, франц. interjection, ағыл. interjection). Сөйлеушінің эмоционалды реакциясын білдіретін: қорқыныш, қуаныш, таңданыс, аяушылық, шақыру, бұйрық беру, тыйым салу т.б. сөздері. Бір сөйлемді көрсететін және құрай алатын сөз. Мысалы, а!, ай!, я!, хади!, вай! сөздері түрік тіліндегі лептердің қатарына жатады. Рефлексиялар, атаулар, әрекеттер және т.б. сөздер леп белгісі ретінде де қолданыла алады. Леп белгісі бар сөйлемдер лепті сөйлемдер деп аталады [9, 236 б.]. Еңбекте тіл білімі терминдері қалыптасқан форматта берілген, сондай-ақ терминдердің анықтамалары қысқа болып, нақты, әрі ұғынықты түсіндірілген.

Араға бір жыл салып, 1989 жылы Ahmet Topaloğlu-ның «Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü» (Тіл білімі терминдерінің сөздігі) жарыққа шықты. Грамматикалық терминдерді қамтитын 36 еңбек пен 65 мақалаға талдау жасай отырып, жарық көрген сөздік. Талдау нәтижесінде бір-бірінен азды-көпті ерекшеленетін 2433 термин шығарылып, 473 тармақ ретінде сөздікке енгізілді. Терминдерге анықтама бермес бұрын жақшаның ішінде османлы және француз тілдеріндегі баламалары көрсетілген. 228 беттік еңбектің 167 беті – сөздік, ал екінші бөлігі – каталогтардан тұрады. Сондай-ақ, еңбектің алғысөзінде грамматикалық тұрғыдан шатасуды жоюға деген үміттің бар екендігі туралы сөз қозғалды. Аталған сөздікте «**баяндауыш**» (yüklem) терминінің анықтамасы былай көрсетілген: (осм. haber, müsned; франц. attribut, prédicat). Сөйлемнің ішінде берілетін белгілі ұстаным, ой және сезімді білдіріп, барлық сөйлем мүшесімен байланысатын негізгі мүше, ол етістік немесе зат есімнен жасалуы мүмкін. Мысалы, Мехмет

келеді. Осы уақытқа дейін қандай жерлерді араладыңыз? Кітап оқу - өте жақсы әдет. Сіз іздеген адам менмін. Бала ауырып жатыр. Салыстырыңыз: етістікті, есімді баяндауыш [10, 166 б.].

1992 жылы Nurettin Кош-тың «Açıklamalı Dilbilgisi Terimleri Sözlüğü» (Лингвистикалық терминдердің түсіндірме сөздігі) жарық көрді. Терминдер анықталғанға дейін жақша ішінде неміс, француз және ағылшын тілдерінде баламалары келтірілген. Сөздікте 858 термин бар. 371 беттік жұмыстың 322 беті сөздік, ал қалған бөлігі каталогтардан тұрады. Терминдердегі шатасуды болдырмау мақсатында дайындалған бұл еңбекте біртұтастыққа бару қажеттілігі анықтамалармен қатар, терминдермен де көрсетілген. Мысалы, «**шақ**» (zaman) термині (нем. tempus, zeitform; франц. temps; ағыл. tense) тартылыс әрекетімен белгіленген ұзақтық ұғымы. Әдетте бұл әрекет төрт бөлек уақытта жүреді деп саналады: өткен шақ, осы шақ, келер шақ, кең уақыт (оларды қараңыз) [11, 322 б.]. Тек қана терминнің анықтамасы берілмей, сонымен қатар, олардың түрлеріне де сілтеме берілген. Терминдердің анықтамасы барынша түсінікті түрде жазылған, алайда алдыңғы сөздіктермен салыстырғанда қалыптасқан терминдердің саны аз көрсетілген.

1997 жылы алғаш рет тек қана лингвистика саласы бойынша түркі тілдеріне ортақ E.Gürsoy-дың «Türk Dünyası Gramer Terimler Kılavuzu» (Түркі әлемінің грамматикалық терминдер сөздігі) жарыққа шықты. Еңбекте 17 түркі тілінің тіл білімі терминдерінің атаулары салыстырмалы түрде берілген. Автор еңбектің алғысөзінде «ортақ тіл» тақырыбына тоқталған. Оның ойынша, түркі тілдерінің «ортақ тілін» қалыптастырудан гөрі «қарым-қатынас тілінің» мәселесі туралы сөз қозғау әлдеқайда орынды. Егер тілдегі ортақтық керек болса, оны тек ғылыми терминдермен қалыптастыруға болады. Ойдан шығарылған сөздердің өзінде серіктестікке қатысты бастамаларды іс жүзінде жүзеге асыруда қиындықтар бар. Түрік тіліндегі осы сын-қатерге мысал ретінде грамматикалық терминге назар аудару жеткілікті болады.

Түркия түрік тіліндегі стандартты грамматикалық терминдерге сай болу үшін, біздің ғалымдарымыз бен мекемелеріміз бәріне бірдей шарттармен келісім шарттарды біріктіріп жатыр. Осы қажеттілікті ескере отырып, проф. доктор Ахмет Топалоглу және проф. доктор Зейнеп Коркмаз дайындаған грамматикалық терминдер үлкен қажеттілікке жауап берді. Грамматикалық терминдер нұсқаулығының артында нұсқаулықтағы әр түрік тілі үшін грамматикалық терминдердің индексі келтірілген. Индекстегі терминдердің жанындағы нөмір – бұл термин кездесетін абзац нөмірі. Өкінішке орай, грамматикалық терминдердің якут, чуваш, қарақалпақ, қырым татары және карайым эквиваленттерін сөздікке қосу мүмкіндігі болмады. Егер болашақта сөздік қайта басылатын болса, оған якут, чуваш, қарақалпақ, қырым татары мен карайым тілдерінің баламаларын қосқысы келетіндігін ескертті. Сөздіктегі «**туыстас тілдер**» (akraba diller) термині: Az.: gohum dillâr; Tkm.: garındaş diller; Gag.: senselâ dillâr ~ akraba dillâr; Özb.; garindâş tillar; Uyg.; tuğqan tillar; Tat.; qardâş tellâr; Bşk.: qârzâş teldâr; Kmk: kardaş tiller; Krç.-Malk.: cuwuk tille; Nog.; kardaş tîller ~ yakın (yuwîk) tîller; Kzk.; tuvvistas tilder; Krg.: tektaş tilder; Alt.: kanndaş tilder; Hks.: çağın tîller ~ tujan tîller; Tuv.: törel tildâr; Şor.: *kanndaş tiller; Rus.: rodstvenniye yazıki; родственные языки деп берілген [12, 15 б.].

1999 жылы Mehmet Hengirmen-нің «Dilbilgisi ve Dilbilim Terimleri Sözlüğü» (Грамматикалық және лингвистикалық терминдер сөздігі) басылып шықты. Мағынасы бірдей және қоғамда ең көп қолданылатын терминдердің түріктіліндегін нұсқасына артықшылық беріліп, еңбекте бірдей мағынадағы терминдердің атауларына сілтеме жасалған. Терминдердің анықтамасын бермес бұрын жақша ішінде термин атауының ағылшын, неміс және француз тілдерінде баламалары келтірілген. Сөздікте 1527 термин бар. 448 беттен тұратын еңбектің 448 беті сөздік болып табылады. Грамматика мен лингвистика саласындағы терминдердің бірзділігін қамтамасыз ету – еңбектің алғысөзінде жазылған негізгі мақсатының бірі. Мысалы, «**аралас тіл**» (karma

dil) (ағыл. mixed language; нем. mischsprache; фран. langue mixte) әр түрлі әлеуметтік факторлардың нәтижесінде екі немесе одан да көп тілден алынған элементтерді бірлесіп қолдануға негізделген, уақыт өте келе ерекше құрылымға ие болған тілдер. Аралас тілдер Жерорта теңізі жағалауларында және әртүрлі елдермен сауда-саттық қатынастары дамыған шалғайдағы отарлық елдерде кездеседі. Ең көп тарағаны – Жерорта теңізіндегі француз, испан, араб және итальян тілдерінің араласуы, сонымен қатар, сабир және ағылшын тілдерінің Қиыр Шығыста қытай тілімен араласуының нәтижесінде пайда болған пиджин-ағылшын тілі [13, 347 б.]. Еңбекте тіл білімінде қолданып жүрген өзекті терминдер қамтылған. Берілген анықтамалардың барлығы егжей-тегжейлі түсіндіріліп, оқырмандарға тіл білімі терминдерін кеңінен түсінуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ, ережеге сай жазылған еңбектердің бірі.

2007 жылы атақты түрік лингвисті Zeynep Korkmaz-дың «Gramer Terimleri Sözlüğü» (Грамматикалық терминдер сөздігі) жарық көрді. Түрік тілі және басқа түрік кітаптары саласында жазылған барлық грамматикаға қатысты 200-ден астам мақаланы талдау арқылы жасалған еңбек тек грамматикалық терминдерді ғана қамтыды. Терминдердің анықтамасынан бұрын жақшаға неміс, француз, ағылшын, османлы түрікше тілдеріндегі баламалары келтірілген. Терминдердің анықтамаларынан кейін мысалдар келтіріледі және олар, көбінесе, әдеби шығармалардан таңдалған сөйлемдерден болады. Бағалау кезінде баламасы біреуден көп және аналогы жоқ құрылымы мен мазмұнындағы қателіктерге байланысты баламалары қабылданбаған, анықтамалары жеткіліксіз немесе дұрыс емес терминдер сөздікке енгізілмеген. Терминдерді талдаудан өткізу барысында ғалымдар тарапынан мақұлданған және түрік тілінде қалыптасқан терминдерді дәл сол күйінде қабылданып, ал қалыптаспаған терминдер Түрік тілі ұйымының (TDK) грамматика ғылымы және қолдану бөлімі құрған комиссияда талқыланып, таңдалған.

Әр тармаққа қажетті анықтамалар мен түсініктемелер жасалған, алдыңғы анықтамалардағы жіберілген кемшіліктер жойылып қателері түзетілген. Сонымен қатар, қолайсыз анықтамаларға сәйкес баламалар табуға тырысқан. Терминдерге жатпайтындары сұрыпталып, алдыңғы жарияланған сөздіктерде кездеспеген көптеген жаңа термин қосылған. Сөздікте 1155 термин бар. 296 беттен тұратын еңбектің 254 беті сөздік, ал қалған бөлігі каталогтардан тұрады. Бұл жұмыстың алғысөзінде жазылған басты мақсаты – түрік тілінде барлық лингвистердің тарапынан мақұлданған терминдердің бірлігін қамтамасыз ету болған. Мысалы, «грамматика» термині келесідей анықталады: gramer (нем. grammatik, sprachlehre; фран. grammaire; ағыл. grammer; осм. ilm-i sarf ü nahv, ilm-i kavaid). Тілді дыбыстық, формалық және сөйлемдік құрылымдары мен әртүрлі элементтері арасындағы мағыналық қатынастар тұрғысынан зерттейтін және олардың ережелері мен қызмет ету ерекшеліктерін анықтайтын ғылым. Фонетика, морфология, синтаксис және семантика грамматиканың негізгі бөліктері болып табылады. Сипаттамалық грамматика (функционалды грамматика, статикалық грамматика), тарихи грамматика және салыстырмалы грамматика түрлері бар [14, 75 б.]. Аталған сөздік білікті лингвистердің тарапынан қолдау тапқан ең өнімді еңбек болып табылады. Тіл білімі терминдерінің атауы мен анықтамасы қатесіз, әрі түсінікті форматта берілген.

2013 жылы Günay Karaağaç-тың «Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü» (Тіл білімі терминдерінің сөздігі) жарыққа шықты. Жалпы лингвистика және жеке лингвистикада зерттеуші ғалымдар арасындағы бір ізділіктің болмауы өзекті мәселелердің бірі. 4000-ға жуық терминді қамтитын лингвистикалық терминдер сөздігі осындай мәселелердің арасындағы түсініспеушіліктерді жоюға тырысты. Түрік тілінде қарым-қатынас кезінде кездескен қиындықтарды жеңу үшін авторлар зерттеу және оқу процесінде жиналған мәліметтермен бөлісе отырып осы сөздікті

шығарған. Сөздіктегі мәліметтер ешбір тілдік қарым-қатынастан ауытқымай, жан-жақты түсіндірілген, өйткені авторлардың мақсаты терминдерді түсінікті тілде жеткізу болған. Алдыңғы сөздіктерден ерекшелігі жақша ішінде терминдердің тек ағылшынша атауы берілген. Еңбектің соңғы жағында лингвистикалық терминдердің ағылшынша атауы беріліп, оның жанында түрікше атауы көрсетілген: abbreviation – kısaltma, abduction – kurgulama, abessive – yokluk durumu, ablative case – uzaklaşma durumu, ablative of agent – öznelik uzaklaşma durumu. «**Ашық сөйлеу**» термині сөздікте келесідей түсіндірілген: açık konuşma (open speech): сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынастың ашық, нақты және түсінікті түрде болуы. Ашық сөйлеуде сөздер ауыспалы мағынада емес, жалпы және тура мағынасында қолданылады. Синтаксисте бұл грамматикалық тұтастық, логикалық және семантикалық жүйелілік аяқталған сөйлеу түрі. Түсініксіз сөйлеудің негізгі себептерін тіл іші және тіл сырты деп екі топқа бөлуге болады: 1. Тіл сырты себептері: а. тақырып бойынша жеткілікті ақпараттың болмауы; б. Ойлаудың жеткіліксіздігі; с. Қолданылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын жеткілікті білмеу; с. Тілді жақсы білмеу; d. сөйлеушінің дауыс мүшелерінің бұзылуы. 2. Тіл ішілік себептер: а. Бірдей дыбысталу мен көп мағыналылық; б. Сөйлем элементтерін өз орнында қолданбау; с. Сөйлеу мәтінінде грамматикалық келісімділік пен логикалық жүйеліліктің жоқтығы; d. Екпін мен интонацияны, қимылдар мен қимылдарды және дене қимылын жеткіліксіз қолдану. Сөйлеуде осы қасиеттердің біреуінің немесе бірнешеуінің болуы анық сөйлеуге, жіберілген хабарламаны жеңіл және дұрыс жолмен қабылдауға мүмкіндік бермейді. Салыстырыңыз: Сөйлеу, жабық мәтін [15, 22 б.].

2019 жылы А. Kocaman, S.Özsoy, K. İmer авторлығымен «Dilbilim Sözlüğü» (Лингвистикалық сөздік) жарық көрді. Р.Х. Оздемирдің алғашқы лингвистика курсы 1933 жылдан бастап Түркияда оқытылады. Әсіресе, 70-ші жылдардан

бастап лингвистикадағы өзгерістермен қатар жаңа сөздік дайындау қажеттілігі туды. Бұл сөздік, оның 1500-ге жуығы анықталған және ұсынылған терминдерімен бірге 2000-ға жуық терминдерді қамтыды. Алдағы кезеңдерде жауапты лингвистердің қосқан үлесінің арқасында бұл сөздік анағұрлым сауатты және толық форматта жазылған. Сөздіктің алғашқы бөлімі терминдердің анықтамасынан, екінші бөлімі лингвистер және олардың жарық көрген еңбектері туралы мәліметтерден, үшінші бөлімі каталогтардан тұрады. Каталог бөлімінде терминдердің ағылшынша-түрікше атаулары берілген. Мысалы, «**негіз**» терминінің анықтамасы: gövde (stem) морфология. Сөз тудырушы жұрнақтарының жалғанған бөлігі. Бұл мағынада негіз түбір немесе туынды фома бола алады, мысалы: сөмке+лер+дің сөзінде -лер көптік жалғауы жалғанған сөмке сөзі түбір болса, -дің ілік септігі жалғанған бөлік сөмке+лер сөзімен бірге негіз болады [16, 144 б.].

XX ғ. басынан бүгінге дейін түрік білімі бойынша он терминологиялық сөздік жарыққа көрді. Оның ішінде біреуі – түркі тілдеріне ортақ анықтамалық сөздік, қалған тоғызы – түсіндірме сөздік. Тіл білімі сөздіктерінің арасында Zeynep Korkmaz-дың «Gramer Terimleri Sözlüğü» және Günay Karaağaç-тың «Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü» барлық талаптарға сай жасалып, оқырмандар арасынан ерекше қолдау тапқан сөздіктер. Сонымен қатар, E.Gürsoy-дың «Türk Dünyası Gramer Terimler Kılavuzu» сөздігі тіл білімі бағыты бойынша 20-ға жуық түркі тілдерін қамтыған алғашқы ортақ сөздік. Болашақта осы бағыттағы сөздіктер жарық көрсе, тіл білімі саласында айтарлықтай тұрақтылық орнайды деген сенімдеміз.

Қорытынды

Қазақ және түрік тілдерінде XX ғ. екінші жартысынан бастап жарық көрген тіл білімі сөздіктеріндегі терминдер әлі толық жүйеленбеген. Белгілі бір сөздікте бір атаумен, ендігі бір сөздікте басқаша атаумен беріліп

жүрген терминдер көптеп кездеседі. «Тіл білімі» термині 1949 жылы TDK, Hatipoğlu, Vardar, Коç және Hengirmen сөздіктерінде бірге жазылған, ал Тораоғлу және Korkmaz сөздігінде бөлек көрсетілген. Қазақ тілінде жарық көрген сөздік саны өте аз, соңғы уақытта тек Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің

түсіндірме сөздігі» 2010 жылы жарық көрді. Тіл білімі үнемі ізденісті талап ететін, өзгеріс үстінде болатын сала болғандықтан, сөздіктердің жаңарып тұруы маңызды. Екі тіл арасындағы тіл білімі сөздіктері некен-саяқ. Болашақта тіл білімі ғалымдары бұл жұмысты қолға алады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Muharrem E. Türk dil bilgisi / E. Muharrem. - İstanbul: Cilt, 2009. - 407 s.
2. Кеңесбаев І. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі / І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов. - Алматы: Ғылым, 1966. - 208 б.
3. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі / А.С.Аманжолов. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 85 б.
4. Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздігі / А.Салқынбай, Е.Абақан. - Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. - 304 б.
5. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі / Ғ.Қалиев. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. - 548 б.
6. Авакова Р.А. Қазақша-түрікше, түрікше-қазақша лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі / Р.А. Авакова, С.М. Арбатлы, А. Ж. Назарова, Г. К. Теменова. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 98 б.
7. Kocaman A. Dilbilim terimleri sözlüğü / A. Kocaman. - Ankara: Türk dil kurumu, 1949. - 252 s.
8. Hatipoğlu V. Dilbilgisi terimleri sözlüğü / V.Hatipoğlu. - Ankara: Türk dil kurumu, 1972. - 176 s.
9. Vardar B. Açıklamalı dilbilim terimleri sözlüğü / B.Vardar, N.Güz, E.Öztokat, M.Rifat, O.Sonem oglu, E.Sözer. - İstanbul: ABC Kitabevi, 1988. - 295 s.
10. Topaloğlu A. Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü / A.Topaloğlu. - İstanbul: Ötüken, 1989. - 228 s.
11. Коç N. Açıklamalı dilbilgisi terimleri sözlüğü / N.Коç. - İstanbul: İnkilap Kitabevi, 1992. - 371 s.
12. Gürsoy E. Türk dünyası gramer terimler kılavuzu / E.Gürsoy. - Ankara: Türk dil kurumu yayınları, 1997. - 190 s.
13. Hengirmen M. Dilbilgisi ve dilbilim terimleri sözlüğü / M. Hengirmen. - Ankara: Engin yayınevi, 1999. - 448 s.
14. Korkmaz Z. Gramer terimleri sözlüğü / Z.Korkmaz. - Ankara: Türk dil kurumu yayınları, 2007. - 296 s.
15. Karaağaç G. Dil bilimi terimleri sözlüğü / G.Karaağaç. - Ankara: Türk dil kurumu yayınları, 2013. - 936 s.
16. Kocaman A. Dilbilim Sözlüğü / A.Kocaman, S.Özsoy, K.İmer. - İstanbul: Boğaziçi üniversitesi yayınevi, 2019. - 352 s.

Б. Асхатқызы, Ү.Т. Қыдырбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Словари языкознания на казахском и турецком языках с XX века по настоящее время: сравнительный анализ

Аннотация. Лингвистика – это отрасль науки, которая отражает внутренние законы и правила языка. Благодаря словарям, изданным в области лингвистики, можно увидеть, сформированы ли термины в определенной системе или нет. В статье анализируется описание лингвистических словарей, издаваемых на казахском и турецком языках с XX века до наших дней. На изменение языка в течение столетия влия-

ют различные факторы. Например, в казахском языковедении до обретения независимости большинству терминов давались русские названия. Грамматика арабского, персидского и западных языков оказала особое влияние на формирование турецкой лингвистики. В ходе статьи анализируются особенности и недостатки внутренней структуры словарей и определяется их количество. Также приводится пример лингвистического термина по каждому словарю. В ходе исследования был использован лингвистический метод, а именно, метод сравнительно-исторического анализа и описания.

Ключевые слова: лингвистика, словарь, казахский язык, турецкий язык, описание, система, особенность, недостаток.

B. Askhatkyzy, U.T. Kydyrbayeva

AL-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Dictionaries of linguistics in the Kazakh and Turkish languages from the XX century to the present: comparative analysis

Abstract. Linguistics is a branch of science that reflects the internal laws and rules of the language. Thanks to dictionaries published in the field of linguistics, you can see whether terms are formed in a particular system or not. The article analyzes description of linguistic dictionaries published in the Kazakh and Turkish languages from the twentieth century to the present day. Various factors have influenced the change in language throughout the century. For example, in Kazakh linguistics before independence, most of the terms were given Russian names. The grammar of the Arabic, Persian and Western languages had a particular influence on the formation of Turkish linguistics. In the article, there are analyzed features and disadvantages of the internal structure of dictionaries and there has been determined their number. An example of a linguistic term for each dictionary is also provided. There were used such linguistic method as comparative historical analysis and description.

Key words: linguistics, dictionary, Kazakh language, Turkish language, description, system, feature, disadvantage.

References

1. Muharrem E. Türk dil bilgisi [Turkish grammar] (Cilt, Istanbul, 2009), [in Turkish].
2. Кеңесбаев І., Жанузакөв Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі [Russian-Kazakh dictionary of linguistic terms] (Gylym, Almaty, 1966, 208 p.), [in Kazakh].
3. Amanzholov A.S. Kazaksha-oryssha lingvistikalık terminologiya sөzdigi [Kazakh-Russian dictionary of linguistic terminology] (Kazak university, Almaty, 1997, 85 p.), [in Kazakh].
4. Salkynbai A., Abakan E. Lingvistikalık tusindirme sөzdigi [Linguistic explanatory dictionary] (Sozdik-Slovar, Almaty, 1998, 304 p.), [in Kazakh].
5. Kaliev G. Til bilimi terimderiniń tusindirme sөzdigi [Explanatory dictionary of linguistics terms] (Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar, 2010, 548 p.), [in Kazakh].
6. Avakova R., Arbatly S.M., Nazarova A.J., Temenova G.K. Kazaksha-turikshe, turikshe-kazaksha lingvistikalık terimderdin anyktamalyk sөzdigi [Reference dictionary of Kazakh-Turkish, Turkish-Kazakh linguistic terms] (Kazak university, Almaty, 2013, 98 p.), [in Kazakh].
7. Kocaman A. Dilbilim Terimleri Sözlüğü [Dictionary of linguistic terms] (Turkish language society, Ankara, 1949, 252 p.), [in Turkish].
8. Hatipoğlu V. Dilbilgisi terimleri sözlüğü [Dictionary of grammar terms] (Turkish language society, Ankara, 1972, 176 p.), [in Turkish].
9. Vardar B., Güz N., Öztokat E., Rifat M., Sonem oğlu O., Sözer E. Açıklamalı dilbilim terimleri sözlüğü [Dictionary of annotated linguistic terms] (ABC publishing house, Istanbul, 1988, 295 p.), [in Turkish].
10. Topaloğlu A. Dil bilgisi terimleri sözlüğü [Dictionary of grammar terms] (Ötüken, Istanbul, 1989, 228 p.), [in Turkish].
11. Koç N. Açıklamalı dilbilgisi terimleri sözlüğü [Dictionary of annotated linguistic terms] (İnkilap publishing house, Istanbul, 1992, 371 p.), [in Turkish].

12. Gürsoy E. Türk dünyası gramer terimler kılavuzu [Guide to grammatical terms of the Turkic world] (Publications of turkish language society, Ankara, 1997, 190 p.), [in Turkish].
13. Hengirmen M. Dilbilgisi ve dilbilim terimleri sözlüğü [Dictionary of grammatical and linguistic terms] (Engin publishing house, Ankara, 1999, 448 p.), [in Turkish].
14. Korkmaz Z. Gramer terimleri sözlüğü [Dictionary of grammatical terms] (Publications of turkish language society, Ankara, 2007, 296 p.), [in Turkish].
15. Karaağaç G. Dil bilimi terimleri sözlüğü [Dictionary of grammatical terms] (Publications of turkish language society, Ankara, 2013, 936 p.), [in Turkish].
16. Kocaman A., Özsoy S., İmer K. Dilbilim sözlüğü [Dictionary of linguistics] (Boğaziçi university publishing house, Istanbul, 2019, 352 p.), [in Turkish].

Авторлар туралы мәлімет:

Асхатқызы Ботагөз – Түрксой кафедрасының 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Қыдырбаева Үміт Тұрсынбайқызы – Ph.D., түрксой кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Askhatkyzy Botagoz – the 2nd year master's student of the Department Turksoy, AL-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kydyrbayeva Umit Tursynbaikyzy – Ph.D., Head of the Department Turksoy, AL-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.